

## Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкінің акцияларын орналастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 12 желтоқсандағы N 1758

"Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкін кезең-кезеңмен жекешелендірудің бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 3 шілдедегі N 1051 P971051\_ қаулысын орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

### 1. Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкінің акцияларын

орналастыру жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы ереже бекітілсін /қоса беріліп отыр/.

2. Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкінің акцияларын орналастыру жөніндегі ведомствоаралық комиссия мына құрамда бекітілсін:

Сәрсенбаев Н.А. - Қазақстан Республикасының  
Стратегиялық жоспарлау және  
реформалар жөніндегі агенттігі  
төрағасының орынбасары, комиссияның  
төрағасы

### Комиссия мүшелері:

Ержанов О.С. - Қазақстан Республикасының Ұлттық  
Банкі Төрағасының орынбасары  
/келісім бойынша/

Ыдырысов А.Т. - Қазақстан Акционерлік Халықтық  
Жинақ Банкі төрағасының  
бірінші орынбасары

Кулинов У.Д. - Қазақстан Республикасы Бағалы  
қағаздар жөніндегі ұлттық  
комиссиясының атқарушы

директоры /келісім бойынша/

Мыңбаев С.М. - Қазақстан Республикасының  
бірінші Қаржы вице-министрі

Раханов М.С. - Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігі  
Мемлекеттік мүлік және  
жекешелендіру комитетінің  
төрағасы

ЕСКЕРТУ. Құрам өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.01.27. N 40 қаулысымен.

P980040\_

3. Ведомствоаралық комиссия Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ  
Банкімен бірлесіп:

1997 жылдың 20 желтоқсанына дейін Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ  
Банкінің салымшыларын банктің акцияларын орналастыру жөніндегі аукционға  
қатысуға өтінім берудің тәртібі туралы хабарландырсын;

1998 жылдың 21 ақпанына дейін банктің акцияларын орналастыру  
жөніндегі аукционға қатысуға өтінімдерді жинасын, өтінімдердің  
қорытынды жиынтық ведомосын жасасын және салымшылардың өтінімдеріне  
сәйкес акциялар үшін ақы төлеуді қамтамасыз етсін;

1998 жылдың 28 ақпанына дейін Қазақстан Акционерлік Халықтық  
Жинақ Банкі акционерлерінің тізілімін жасасын.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.01.27. N 41 қаулысымен.

P980041\_

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1997 жылғы 12 желтоқсандағы  
N 1758 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкінің  
акцияларын орналастыру жөніндегі  
ведомствоаралық комиссия туралы

## ЕРЕЖЕ

### I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкінің акцияларын орналастыру жөніндегі ведомствоаралық комиссия /бұдан әрі - Комиссия/ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 3 шілдедегі N 1051 қаулысымен бекітілген "Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкін кезең-кезеңмен жекешелендірудің 1997-2001 жылдарға арналған бағдарламасына" сәйкес Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкінің /бұдан әрі - Банк/ акцияларын оның салымшыларының арасында орналастыру м а қ с а т ы н д а қ ұ р ы л а д ы .

2. Банктің қарапайым атаулы акциялары Банктің салымшыларының - 1997 жылғы 1 шілдеде және 1997 жылғы 1 желтоқсанда банкте салымы болған жеке адамдардың арасында орналастырылады. Акциялар сатып алудың мәлімделген бағасы ескеріле отырып жабық аукцион арқылы конкурстық негізде орналастырылады. Салымшы аукционға қатысу үшін 1997 жылғы 1 шілдедегі жағдайы бойынша өзінің салымы сомасының шегіндегі қаражатты пайдалана алады. Банктің акциясын орналастыру жөнінде аукционға қатысуға өтінімдер беру кезінде мынадай шектеулер қолданылады: әр салымшының акцияның орналастырылатын көлемінің 3% аспайтын, акциялар пакетін сатып алуға өтінім беру мүмкіндігі болады. Жиыны орналастыруға 1 акцияның көрсетілген құны 100 теңге 3 000 000 дана мөлшерінде акциялар қойылады.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1997.12.31. N 1876  
қаулысымен. Р 9 7 1 8 7 6 \_

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ толықтырылды - ҚРҰ-нің 1998.01.27. N 41  
қаулысымен. Р 9 8 0 0 4 1 \_

3. Комиссия алқалық орган болып табылады. Комиссияның құрамына Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің, Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының және басқа да ұйымдардың /келісім бойынша/ өкілдері кіреді.

Комиссияның жеке құрамы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен б е к і т і л е д і .

4. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының заң және нормативтік құқықтық актілерін, осы Ережені басшылыққа алады.

## 2. КОМИССИЯНЫҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ

5. Комиссия өзіне жүктелген міндеттерді шешу үшін мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Банкті кезең-кезеңмен жекешелендірудің бағдарламасына сәйкес акцияларды салымшылардың арасында орналастыру үшін қажетті құжаттардың жиынтығын әзірлейді және бекітеді;

2) Банктің акцияларын орналастыру жөніндегі аукционға қатысуға өтінімдер берудің тәртібін айқындайды;

3) акцияларды орналастырудың ең төменгі бағасына ұсыным жасайды;

4) Банктің салымшылары арасында жабық аукцион өткізеді.

6. Комиссияның:

1) Банктің акцияларын орналастыруға байланысты мәселелер жөнінде банктен ақпарат алуға;

2) сарапшыларды, мамандандырылған консалтингтік және өзге де ұйымдарды жұмысқа тартуға;

3) акциялар толық орналастырылмаған жағдайда сатып алынбаған акцияларды сатып алуға қосымша өтінімдер жинауды жүргізуге және осы Ереженің 2-тармағында көзделген шарттармен аукцион өткізуге, қосымша өтінімдер жинау мен аукцион өткізудің мерзімдерін айқындауға;

4) осы Ережеге және Үкіметтің 1997 жылғы 3 шілдедегі N 1051 қаулысына сәйкес комиссияның шешімдерінің атқарылуына бақылау мен тексеру жасауды жүзеге асыруға құқығы бар.

### 3. Комиссияның қызметін ұйымдастыру

7. Комиссияны Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен тағайындалатын  
т ө р а ғ а б а с қ а р а д ы .

Төраға комиссияның қызметіне басшылық жасайды, оның жұмысын  
ұ й ы м д а с т ы р а д ы .

8. Комиссияның отырысы Комиссия төрағасының бастамашылығы бойынша немесе  
Комиссия мүшелерінің басым көпшілігінің талап етуі бойынша шақырылады.

Комиссияның отырысы Комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі  
қатысқан кезде құқық күші бар болып табылады.

9. Комиссияның әр мүшесінің бір дауысы болады.

10. Комиссияның шешімі оған қатысып отырған Комиссия мүшелерінің жалпы  
санының әдеттегі көпшілік даусымен қабылданады.

11. Егер Комиссия мүшесі Комиссия қабылдаған шешімге келіспеген жағдайда, ол  
өзінің ерекше пікірін жазбаша айтуға құқылы.

12. Комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді. Хаттамаға Комиссияның барлық  
м ү ш е л е р і қ о л қ о я д ы .